**ЖШС «Катия апа» бөбекжайбалабақшасы**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 2026 ж 15 мамыр

**Қатысқандар:**қамқоршылық кеңес мүшелері толық.

**Шақырылғандар:**

Н.А.Досанов - «TDK - Жаңажол» ЖШС-нің директоры;
Б.Т.Кадырова - педагог,зейнеткер;
Т.Н.Кусбеков - шаруашылық жөніндегі меңгеруші;
Д.Ш.Калиева - Алматы облысы әкімі аппаратының құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің инспекторы;

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Балабақшаның материалдық – техникалық базасы, оны нығайту жолдары мен тәсілдері туралы.
2. Балабақша аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция.

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ш.Ж.Әбішева тыңдалды.Жылдық жоспарға сәйкес материалды техникалық базасын нығайту үшін балабақшаға білім бөлімі тарапынан бөлінген қаражатты айтып өтті, онда ол балалардың ойын алаңкайларындағы кіші архитектуралық құрылғыларды жаңартуға , балалардың гигиеналық қажетті құралдарынан: унитаздарға бөлінген қаражаттар жұмсалғандығын, оқу құралдарының керекті заттарына дәптерлер, оқулықтар, қаламдар мен түрлі түсті қарындаштар, қағаздар, қайшылар мен желімдер бояулар т.б заттар алынып, балалар толық керекті заттармен қамтамасыз етілгендігі туралы айтты. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2019 жылдың 23 қаңтарындағы № 32 және ҚР Ішкі істер министрінің 2019 жылдың 23 қаңтардағы №49 бірлескен «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттар және оларға қойылатын талаптар» бұйрығын орындау мақсатында Балабақшаның барлық 5 тобына,музыка және қосымша даладағы ойын алаңкайларына 11дана бейнебақылау орнатылып, жұмыс жасап тұрғанын айтты.

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі А.Ж.Жолдасова сөз алды. Ол балабақшаның шаруашылық жөніндегі орынбасары Т.Н.Куспеков

бірлесе отырып, «Балабақшаға ағаш егемін» атты акция ұйымдастырылғанын айтып өтті. Акция барысында ата-ана Мусапиров Айдос талағаш еккенін тегін өзінің саяжайынан әкеліп балабақша ауласына отырғызу ұйымдастырылды. Сонымен қатар барлық топ тәрбиешілері тал ағаштарын ата-аналармен бірлесе отырғызғаны туралы ақпарат берді.

**ҚАУЛЫ:**

1. Меңгерушінің балабақшаның материалдық – техникалық базасы, оны нығайту жолдары туралы ақпаратескерілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің балабақшаны көкалдандыруға қосқан еңбегі жоғары бағалансын.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Н.Ж.Әбішева**

**Қамқоршылық кеңестің хатшысы: Э.Д.Тұрсағатова**